

## Кеден төлемдерін алу туралы НҰСҚАУ

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 11 қыркүйектегі N 106-II. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының 2001 жылғы 9 ақпандағы N 45 бұйрығымен. ~V011416

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ заң күші бар Жарлығын орындау үшін бұйрық етемін:

1. "Кеден төлемдерін алу туралы" Нұсқау бекітілсін және 1995 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енгізілсін.
2. Облыстық кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары:
  - осы Нұсқауға сәйкес жұмыс ұйымдастырылсын;
  - осы Бұйрықтың күші барлық құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін;
  - осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасары Р.К. Куватовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті жанындағы  
Кеден комитеті  
1995 жылғы 11 қыркүйектегі  
N 106-II бұйрығымен  
бекітілген

## НҰСҚАУ

### 1. Кеден төлемдерінің түрлері

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуде және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заң күші бар Жарлығымен

Z952368\_

белгіленген басқа

жағдайларда төмендегідей кеден төлемдері белгіленеді:

1. кеден баж салығы;
2. маусымдық кеден баж салығы;
3. арнаулы кеден баж салығы;
4. антидемпинг баж салығы;
5. орнын толтыру баж салығы;
6. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лицензия беруі үшін төленетін ақы;
7. кеден құжаттарын толтыру жөніндегі маманға квалификациялық аттестат беру үшін төленетін ақы;
8. кеден құжаттарын толтыру үшін кеден ақысы;
9. тауарларды сақтау үшін кеден ақысы;
10. тауарларды кедендік алып жүру үшін төленетін ақы;
11. хабарлау мен кеңес беру үшін төлем ақы;
12. алдын ала шешім қабылдау үшін төлем ақы;
13. кеден аукциондарына қатысқаны үшін төленетін төлем ақы.

### 2. Кеден төлемдерін төлеушілер

Кеден төлемдері тікелей декларант немесе Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес басқа адамдар арқылы төленеді (әрі қарай - кеден төлемдерінің төленуіне жауапты адамдар).

Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кез-келген мүдделі адам кеден төлемдерін төлеуге құқылы.

### 3. Кеден төлемдерін төлеу үшін жауапкершілік

#### 3.1. Кеден төлемдерінің төленуіне жауапты адам кеден төлемдерінің дұрыс

есептелуін және уақытында төленуі үшін кеден органдары алдында жауапты.

3.2. Осы тармақтың екінші бөлігінде Қазақстан Республикасы кеден заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар ретінде Республиканың кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар, соның ішінде көлік құралдары, белгілі бір кеден режиміне немесе уақытша сақтау қоймасына қойылғанға дейін, кеден төлемдерінің төленуі үшін тасымалдаушы (кеден тасымалдаушысы) жауап береді.

Қазақстан Республикасының кеден аумағы шекарасынан тауарларды сыртқа шығару кезінде кеден төлемдерін төлеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуші адамға жүктеледі.

3.3. Уақытша сақтау қоймаларындағы тауарларға қатысты кеден төлемдерінің төленуі үшін осы қойма иесі жауап береді.

Егер уақытша сақтау қоймасының иесі Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылса, онда кеден төлемдерінің төленуі үшін жауапкершілік тауарларды уақытша сақтау қоймасына қойған адам жауап береді, ал бұндай адам болмаған кезде тауарлардың меншік иесі болып табылатын адам.

3.4. 3.3. тармақтың ережелері тауарлар жоғалған, олар кеден органының рұқсатынсыз берілген жағдайда және осы секілді басқа жағдайларда тауарларға қатысты өкілеттіктері бар адамға іс жүзінде берілген сәтке дейін, олардың кеден құжаттары толтырылған соң қолданылады.

3.5. Тауарларға кеден құжаттары толтырылған кезде кеден төлемдерінің төленуі үшін декларант жауап береді.

Егер Қазақстан Республикасында кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізетін адам декларант болып табылмаса, ол адамға кеден төлемдерінің төленуі үшін декларантпен бірге ынтымақтас жауапкершілік жүктеледі.

Сатып алу - сату немесе алмастыру шарты бойынша тауар жеткізу жүзеге асырылған кезде, сыртқы сауда шартын жасаған адам немесе мәміле жасаған кезде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізіліп отырған тауарларды сатып алушы (импорттық тауарларды жеткізгенде) немесе сатушы (экспорт тауарларды жеткізгенде) болған адамға кеден төлемдерінің төленуі үшін декларантпен бірге ынтымақтас жауапкершілік жүктеледі.

3.6. Белгілі бір кеден режиміне қойылған тауарларды пайдалану кезінде, кеден төлемдерінің төленуі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден органының актілері белгіленген адамдарға жүктеледі (бұдан әрі Кеден Комитеті).

3.7. Кеден төлемдерінің төленуін қамтамасыз ету ретінде банк немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйым кепілі пайдаланған кезде, тауар кепілдігі немесе кеден органының депозитіне ақша қаражатын салған

кезде қамтамасыз етілген төлемдердің төленуі үшін Кеден Комитетінің нормативтік актілерімен белгіленген адамдарға жауапкершілік жүктеледі.

3.8. Кеден органдарының лицензия беруі және лицензия күшін қайта жаңартуы үшін, сондай-ақ кеден құжаттарын толтыру жөніндегі маманның квалификациялық аттестатын беруі және аттестат күшін қайта жаңарту үшін алынатын алымдардың төленуі үшін жауапкершілік лицензия не аттестат берілетін адамға жүктеледі.

3.9. Тауарларды сақтау үшін алынатын кеден алымдарының төленуі үшін жауапкершілік тауарларды сақтауға қойған адамға жүктеледі.

3.10. Тауарларды алып жүру үшін алынатын кеден алымдарының төленуі үшін тасымалдаушы жауап береді.

3.11. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізген кезде кеден төлемдерінің төленуі үшін кеден органдары алдындағы жауапкершілік, егер бұндай өткізудің заңсыз екендігін өткізуге қатысушы адамдар білсе немесе білуге тиіс болса, осы адамдарға жүктеледі, ал тауарларды әкелген кезде - егер сатып алу сәтінде олар тауарлардың заңсыз әкелінгенін білсе немесе білуге тиіс болса, заңсыз әкелінген тауарларды меншігіне немесе иелігіне сатып алған адамдар жауап береді).

3.12. Осы Нұсқаудың 1 тарауы 9-13 талаптарында көрсетілген кеден төлемдерінің төленуі үшін жауапкершілік кеден комитетінің нормативтік актілері белгілеген адамдарға жүктеледі.

#### 4. Кеден төлемдерінің төлену мерзімдері

4.1. Кеден құжаттарын толтыру үшін алынатын кеден баж салықтарымен кеден алымдары кеден декларациясы қабылданғанға дейін немесе ол қабылданған күні төленеді.

Егер кеден декларациясы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығында бекітілген мерзімде бермеген болса, онда кеден төлемдерінің төлену мерзімдері кеден декларациясы берілуінің белгіленген мерзімі біткен күннен бастап есептеледі.

4.2. Айрықша жағдайларда, кеден органының шешімі бойынша төлеушіге кеден төлемдерінің төлену мерзімін ұзарту немесе оны бөліп төлеу ұсынылуы мүмкін.

Кеден төлемдерінің төлену мерзімін ұзарту не бөліп төлеуді ұсынудың тәртібін "кеден баж салығын төлеу бойынша мерзім ұзарту (бөліп төлеу) ұсыну тәртібі туралы" Нұсқаумен белгіленген.

4.3. Осы Нұсқаудың I тарауы 6 және 7 тармақтарында көрсетілген кеден төлемдері Қазақстан Республикасы кеден органдары лицензиямен квалификациялық аттестат бергенге дейін немесе қайта жаңартқанға дейін

төленеді.

4.4. Тауарларды кеден қоймасына сақтау үшін алынатын кеден алымдары осы тауарлар белгіленгенге дейін немесе ол берілген кезде төленеді.

4.5. Тауарларды кедендік алып жүру үшін кеден алымдары кеден органы тауарларды кедендік алып жүруді жүзеге асыру туралы кеден комитетінің бекіткен тәртібіне сәйкес шешім қабылдаған соң, бірақ ол іс жүзінде басталғанға дейін төленеді.

## 5. Кеден төлемдерінің төлену тәртібі

5.1. Кеден төлемдері кеден құжаттарын толтыратын кеден органына, немесе қоймасында тауарлар сақтаулы тұрған немесе ақпарат, кеңес беретін, алдын-ала шешім қабылдайтын немесе лицензиямен квалификациялық аттестат беретін кеден органы төленеді (бұдан әрі - кеден органы).

5.2. Төлеушінің қалауы бойынша, кеден төлемдерінің Қазақстан Республикасының валютасында да, курстарына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі баға белгілейтін шетел валютасында да төлене алады, бұндай төлем тек шетел валютасында ғана төленетін жағдайларды қоспағанда.

5.3. Кеден құжаттарын толтыруға алынатын алымдардың төленуін қоспағанда, кеден төлемінің бір түрі бойынша кеден төлемдерін әртүрлі түрде төлеуге тек кеден органының келісімі бойынша жол беріледі.

5.4. Шетел валютасын Қазақстан Республикасының валютасына қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кеден декларациясы қабылданған күндегі курсы бойынша жасалады.

Валютаны қайта есептегендегі сома бүтін санға дейін дөңгелектеу ережесі бойынша дөңгелектенеді.

5.5. Кеден төлемдері кеден органдарына Қазақстан Республикасының заңдары бекіткен сомалар шегінде аударумен де, кеден органының кассасы арқылы қолма-қол есеп айырысумен де төленеді.

Кеден құжаттары толтыратын кеден органының және Кеден комитетінің есеп шоттарына түсетін барлық аударулар Қазақстан Республикасының ұлттық банкі белгілеген тәртіпке сәйкес төлеу тапсырмасы немесе өзге төлеу құжаттары түрінде дайындалуы тиіс.

5.6. Кеден төлемдерін ақшасыз аудару тәртібі кезінде банктің жасалған төлемді растайтын белгісі бар төлеу құжатының данасы, және өткізілген операциясы дәлелдейтін банк жазбасы төлемнің жасалғанын растайды.

Төлеу құжатының "Код" бағандарында төлеушінің МФО мен РНН көрсетілуі тиіс, ал "төлемнің мақсаты" бағанында мыналар көрсетілуі тиіс:

"Кеден төлемінің төленуі (түрі)

шарттың (келісім шарттың) номері" төлеу құжатының "Төлем мақсаты"

бағанында шарт (келісім шарт) болмаған жағдайда көлік құжаттарының номерлері көрсетіледі.

5.7. Кеден төлемдері сомасын кеден органының есеп-шотына үшінші бір мүдделі адам төлеген жағдайда, ақша қаражатын аударуға берілген төлем тапсырмасында "Код" бағанында МФО және РНН көрсетілуі тиіс, ал "төлем мақсаты" бағанында МФО және РНН кодтары көрсетіліп ақша қаражатының қандай адам мүддесі үшін салынып жатқаны көрсетілуі тиіс.

5.8. Кеден төлемдерін төлеуге берілген төлеу құжатының көшірмесі және жасалған төлемді көрсететін банк жазбасы ГТД бірінші данасымен қоса кеден органы архивінде сақталады.

5.9. Айрықшалық ретінде Кеден комитетінің жазбаша рұқсаты бойынша кеден төлемдері Кеден комитетінің есепшоттарына төленеді.

Бұндай жағдайларда төлеу құжатының "Код" бағанында төлеушінің МФО және РНН кодтары, ал "Төлем мақсаты" бағанында "Кеден төлемдерінің төленуі" сөзінен соң міндетті түрде мыналар көрсетіледі:

- кеден төлемінің түрі;
- кеден органының толық атауы;
- шарттың номері (келісім-шарттың);
- Кеден органының кеден төлемдерін оның депозиттік есепшотына төлеуге берген рұқсаты.

Кеден органының кеден төлемдерін оның депозиттік есеп-шотына төлеуге берген рұқсаты төлеушінің Кеден комитетіне берген жазбаша арызы негізінде беріледі.

Көрсетілген жағдайда кеден органдары Кеден комитетінің есепшотына аударуға берілген төлем тапсырмалары мен банк жазбаларын тек қана Кеден комитетінің осы төлемді жасауға берген жазбаша рұқсаты мен төленген ақша қаражатының оның есепшотына түскендігін растайтын жазбаша дәлелдемесі болған кезде қабылдайды.

5.10. Шетел валютасында төленетін кеден төлемдері кеден органының валюталық есепшотына аударылған жағдайда, ақша қаражатын аудару үшін комиссия төлеушінің есебінен алынады.

Аталған соманы аударылатын сома есебінен алған кезде, яғни кеден есепшотына төленуге тиіс кеден төлемінің аз мөлшері келіп түскенде, кеден органдары тек іс жүзінде келіп түскен сомаларды ғана кеден төлемдерінің төленуіне есептейді.

Кеден төлемдерін аударуға берілген төлеу құжаты осы нұсқаудың 5.8., 5.7 және 5.9.-тармақтарындағы талаптар қадағаланбай толтырылған болса, кеден комитеті оны қабылдаудан бас тартады.

5.11. Кеден төлемдерінің сомасы қолма-қол ақшамен кеден органының

кассасына төленген кезде жасалған төлемді растайтын касса ордерінің көшірмесі Кеден жүк декларациясының бірінші данасымен бірге кеден органының архивінде сақталады.

5.12. Кеден төлемдері Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес кеден режимдерінің көрсетілген жүйесі бойынша төленеді.

Кеден төлемінің сомасы кеден жүйесіндегі көрсетілген бағаларға сәйкес дөңгелектенеді.

5.13. Кеден төлемдеріне қарыздар болып қалған жағдайда немесе көлік құралдарын кеден органдары өтемді толық төлеп біткенше босатпайды.

Кеден комитетінің арнайы нормативтік актілері белгілейтін жағдайларды қоспағанда, кеден төлемдерін төлеу бойынша қарыз орын алған кезде қарыз толық төленгенше тауарларды не көлік құралдарын босату жүзеге асырылмайды.

## 6. Кеден құжаттарын толтыру үшін алынатын кеден алымдары

6.1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар және көлік үшін кеден құжаттарын толтыру мақсатында кеден алымы алынады.

6.2. Кеден құжаттарын толтыру үшін алынатын алым кеден декларациясы қабылдағанға дейін не ол төленген кезде төленеді. Ал оны кейінге қалдыру не бөліп төлеуге рұқсат етілмейді. Осы Нұсқаудың 9 тарауындағы 9.6-тармағы "в" және "и" тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден құжаттарын төлеу үшін алынған кеден алымдарының артық төленген сомасы иесіне қайтарылмайды.

6.3. Кеден құжаттарын толтыру үшін алынатын кеден алымдары Қазақстан Республикасының валютасымен де курсы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі тауарлар мен көлік құралдары құнының 0,2 % мөлшерінде белгілейтін шетел валютасымен де алынады.

6.4. Тауарлар мен көлік құралдары құжаттарын осыған арналған орыннан тыс жерде және Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кезде толтыру үшін кеден құжаттарын толтыру үшін кеден алымдары екі есе мөлшерде алынады.

Бұл жағдайда тауарды қабылдаушы (жіберуші немесе тауарларды қабылдаушы) жіберуші болып табылатын оның құрылымдық бөлімшесі орналасқан кеден органының қызмет ету аумағынан тыс жерде тауарлар мен көлік құралдарына құжат дайындау де кеден құжаттарын толтыру үшін белгіленбеген жерде тауарлар мен көлік құралдарына құжат толтыру ретінде қарастырылады.

6.5. Тауарлар мен көлік құралдарына кеден құжаттарын толтыру үшін алынатын кеден алымдарынан есептеу кезінде шыққан сомалар бүтін санға дөңгелектенеді.

6.6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 149-бабына сәйкес көлік құралдары мен тауарларға кеден құжаттарын толтыру кеден алымдарын алудан босатылады.

6.7. Жеке адамдардың кеден құжаттарын толтыру үшін алым төлеу мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасы аумағы арқылы жеке адамдардың тауар өткізу ережелерімен белгіленген.

## 7. Кеден баж салығы

7.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы өтетін тауарлар Қазақстан Республикасы тарифіне сәйкес кеден баж салығын салуға жатады.

7.2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 149 және 150-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден баж салықтарының бағасы жалпыға бірдей болып табылады және Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауар өткізетін адамдарға, мәміле түрлеріне және басқа факторлерге қарамастан өткізуге жатпайды.

7.3. Әкелінетін және шығарылатын тауарларға салынатын кеден баж салықтарының бағаларын Кеден-тарифтік кеңесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілейді және ол жарияланған күнінен кейін бір ай өткен соң күшіне енеді.

7.4. Кеден баж салығының бағалары кеден органы кеден декларациясын қабылдаған күні қолданылады.

7.5. Кеден баж салықтары Қазақстан Республикасы валютасында да, шетел валютасында да төленеді.

Шетел валютасын Қазақстан Республикасы валютасына қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің кеден декларациясы қабылдаған күндегі курсы бойынша жасалады.

7.6. Әкелу кеден баж салықтарының бағалары тауардың шығарылған еліне байланысты сараланып қолданылады.

7.7. Қазақстан Республикасы сауда-саясат қатынасында барынша көмектесу режимін қолданатын мемлекеттен әкелінген тауарларға қатысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен әкелу кеден баж салықтарының ставкалары қолданылады.

7.8. Қазақстан Республикасы преференция ұсынған жағдайды қоспағанда сауда-саяхат қатынасында барынша көмектесу режимі көзделмеген мемлекеттен шыққан, немесе шыққан елі анықталмаған тауарларға қатысты Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"



Жарлығында белгіленген кеден баж салықтарының ставкалары екі есе көбейеді.

7.9. Дамушы елдерде шығарылған кейбір тауарларға қатысты кеден баж салықтарының екі есе азайтылған ставкалары қолданылады.

7.10. Барынша аз дамыған елдердің шығарған кейбір тауарларға қатысты кеден баж салықтары қолданылмайды.

7.11. Халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағына кіргізілетін тауарларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден аумағынан шығарылатын тауарларға осыған сәйкес әкелу және шығару баж салықтары салынбайды.

7.12. Кеден баж салығынан босатылған тауарлар мен кедендік

құрылымдары, кеден баж салығын төлеу бойынша тарифтік жеңілдіктер мен олардың өткізілетін тауарларға қатысты берілу тәртібі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығымен белгіленген.

7.13. Әкелу баж салығын есептеу.

7.13.1. Бір тауарға ЭКЮ ставкасы бойынша әкелу баж салығы салынатын тауарларға қатысты есептеудің негізі тауарлардың тиісті мөлшері болып табылады.

7.13.2. Бір тауарға ЭКЮ ставкасы бойынша әкелу баж салығы салынатын тауарларға қатысты әкелу кеден баж салығын салу мына формула бойынша жасалады.

$$Пип 1 = Vm * Cyn 1 * Ka / kbk$$
, мұндағы

Пип 1 - әкелу баж салығының мөлшері;

Vm - тауардың саны;

Cyn - бір тауардан ЭКЮ-мен алынатын әкелу кеден баж салығының ставкасы;

Ka - Декларация қабылдаған күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген ЭКЮ-дің теңгедегі курсы;

kbk - Декларация қабылдаған күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген әкелу баж салығы төленіп отырған валютаның теңгедегі курсы.

1 мысал: Қазақстан Республикасы кеден аумағына кіргізілген тауар-араққа декларация жасалады;

ТН ВЭД бойынша тауар коды - 220890310;

тауар саны - 5000 литр;

шығару кеден баж салығының ставкасы - 1 литрге 2 ЭКЮ;

әкелу кеден баж салығы неміс маркісімен төленеді;

әкелу кеден баж салығы төленетін валютаның теңгедегі

курсы - 1 неміс маркасына 44 теңге;

ЭКЮ курсы - 1 ЭКЮ-ге 84,3 теңге.

Шығару кеден баж салығын есептеу:

Пип 1 = 5000 + 2 ЭКЮ = 84,3/44 = 19 159,1 нем. маркасы

### 7.13.3. Тауарлардың кедендік құнына проценттегі ставка бойынша әкелу

кеден баж салығы салынатын тауарларға қатысты есептеу үшін тауардың кедендік құны негіз болып табылады.

7.13.4. Тауардың кедендік құнына кеден баж салығын есептеу мына формула бойынша жасалады:

$$\text{Пип}2 = C_m * C_{un} 2/100, \text{ мұндағы}$$

Пип 2 - әкелу кеден баж салығының мөлшері;

$C_m$  - тауардың кедендік құны;

$C_{un} 2$  - тауардың кедендік құнына процентпен белгіленген әкелу кеден баж салығының ставкасы.

2-мысал. Қазақстан Республикасының кеден аумағына кіргізетін

тауар - шашқа арналған лакке декларация жасалады;

ТН ВЭД бойынша тауардың коды - 3305 30 000;

тауардың кедендік құны - 15 1500 АҚШ доллары;

әкелу кеден баж салығының ставкасы - кедендік құнының 15%

Әкелу кеден баж салығын есептеу:

$$\text{Пип} 2 = 15 150 * 15/100 = 2272,5 \text{ АҚШ дол.}$$

7.13.5. Комбинацияланған ставка бойынша әкелу кеден баж салығы салынатын тауарларға қатысты әкелу кеден баж салығы үш кезеңмен есептеледі.

Алдымен бір тауар үшін ЭКЮ - ставкасы бойынша әкелу кеден баж

салығының мөлшері есептеледі, содан соң кедендік құнға процент ставкасы

бойынша кеден баж салығының мөлшері есептеледі. Төленуге тиіс кеден баж салығын есептеу үшін ең жоғарғы үлкендік қолданылады.

3-мысал. Қазақстан Республикасының кеден аумағына кіргізілетін тауар - денатурланбаған этил спиртіне декларация жасалады;

Осы жерде және бұдан соңғы мысалдарда кеден баж салықтарының мөлшері, кеден баж салықтарының ставкалары шартты түрде және мысалдың көрнектілігі үшін берілген.

ТН ВЭД бойынша тауардың коды - 2208 90910;

тауардың кедендік құны - 4500 АҚШ дол.;

әкелу кеден баж салығының ставкасы - 40%

бірақ бір литрге 2ЭКЮ-дан кем емес;

тауардың саны - 3000 литр;

әкелу кеден баж салығы төленетін валюта курсы - 1 АҚШ дол.

ЭКЮ курсы - 1 ЭКЮ 84,3 теңге.

Әкелу кеден баж салығын есептеу:

1) бір тауардан ЭКЮ-дегі ставка бойынша әкелу кеден баж салығын есептеу:

$$\text{Пип 1} = 3000 * 2 \text{ ЭКЮ} * 84,3/62 = 8 \ 158,06 \text{ АҚШ дол.}$$

2) тауардың кедендік құнынан проценттегі ставка бойынша әкелу кеден баж салығын есептеу:

$$\text{Пип 2} = 4500 * 40/100 = 1800 \text{ АҚШ дол.}$$

3) шыққан сандар салыстырылады және оның үлкені алынады:

$$\text{Пип 1} > \text{Пип 2},$$

демек, әкелу кеден баж салығын есептеу негізі ретінде комбинацияланған ставканың спецификалық құрамын алу қажет (1 литр 2 ЭКЮ).

Сөйтіп, 8 158 АҚШ доллары мөлшеріндегі әкелу кеден баж салығы төленуі тиіс.

7.14. Әкелу кеден баж салығын есептеу.

7.14.1. Тауар бірлігі үшін ЭКЮ ставкасы бойынша шығару кеден баж салығы салынатын тауарларға қатысты есептеу негізі тауар саны болып табылады.

7.14.2. Тауар бірлігі үшін ЭКЮ ставкасы бойынша шығару кеден баж

салығы салынатын тауарларға қатысты шығару кеден баж салығын есептеу мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Пэн 1} = \text{Vm} * \text{Сэн 1} * \text{Кэ/Квк}, \text{ мұндағы}$$

Пэн 1 - шығару кеден баж салығының мөлшері;

$V_m$  - тауар саны;

$C_{эп 1}$  - 1 тауардан ЭКЮ мөлшеріндегі шығару кеден баж салығының ставкасы;

$K_{э}$  - Қазақстан Республикасының декларация қабылдаған күнде белгілеген ЭКЮ-дің теңгедегі курсы;

$K_{вк}$  - шығару кеден баж салығы төленіп отырған валютаның теңгеге қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген курсы.

4-мысал. Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауар - авиациялық бензинге декларация жасалады (маркасы В - 94);

ТН ВЭД бойынша тауар коды - 271 000 310;

тауар саны - 30 000 кг;

шығару кеден баж салығының ставкасы - 1000 кг 40 ЭКЮ;

кеден баж салығы америка долларымен ЭКЮ курсы - 1 ЭКЮ 84,3 теңге;

шығару кеден баж салығы төленетін валюта курсы - 1 АҚШ доллары 62 теңге;

Шығару кеден баж салығын есептеу:

$$П_{эп 1} = 30\ 000 = 1000 * 40 * 84,3/62 = 1631,61$$

7.14.3. Тауардың кедендік құнына проценттегі ставка бойынша шығару кеден баж салығы салынатын тауарға қатысты шығару кеден баж салығы мына формула бойынша есептеледі:

$$П_{эп 2} = C_m * C_{эп 2}/100, \text{ мұндағы}$$

$П_{эп 2}$  - шығару кеден баж салығының мөлшері;

$C_m$  - тауардың кедендік құны;

$C_{эп 2}$  - тауардың кеден құнының процентіне белгіленген шығару кеден баж салығының ставкасы;

5-мысал. Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауар -

тот баспайтын болатын жасалған құбырларға декларация жасалады;

ТН ВЭД бойынша тауар коды - 7304 39990;

тауардың кедендік құны - 150 000 АҚШ дол.;

шығару кеден баж салығының ставкасы - кедендік құнның 30%

Шығару кеден баж салығын есептеу:

$$П_{эп} = 150\ 000 * 30/100 = 45\ 000 \text{ АҚШ дол.}$$

## 8. Аванстық төлемдер

8.1. Кеден төлемдерін төлейтін адам өз қалауы бойынша кеден құжаттарын толтыратын кеден органының келісімі бойынша аталған кеден органының есепшотына болашақ кеден төлемдері есебіне аванспен ақша қаражатын аудара алады (Аванстық төлемді жүзеге асыру).

8.2. Аванстық төлем, кеден органымен келісу бойынша, кеден органының есепшотына теңгемен де, шетел валютасымен де салынады.

Бұл жағдайда төлеу құжатында "Төлеудің мақсаты" болғанында мыналар көрсетілуі тиіс:

"Аванстық төлем \_\_\_\_\_ (сомасы)".

8.3. Аванстық төлемдерді кеден төлемдерін төлеуші не төлемнің нақты түрі бойынша, бұл туралы төлеу құжатының мақсат бағанында көрсетілуі тиіс, не кеден төлемінің нақты түрі көрсетілмей жалпы сомамен салына алады.

8.4. Аванстық төлем салынған төлемнің нақты түрі көрсетілмей, ақша қаражаты салынған жағдайда, аванстық ақша қаражатын есептен шығару аванстық ақша қаражатын салған сыртқы экономикалық байланыстардың нақты қатысушысы аударған төлемдердің барлық түрі бойынша, толтырылған кеден декларацияларына сәйкес, сондай-ақ төлеушінің кеден органы алдындағы қарыздарының барлық түрі бойынша жасалады.

8.5. Төлеушіден жазбаша сұрау салу қағазы келген кезде, кеден органы оған кеден төлемдерін төлеу ретінде аванспен салынған ақша қаражатының жұмсалуды туралы ақпарат береді.

8.6. Аванстық төлемдер жұмсалмай кеден органының есепшотында бір жылдан артық тұрмайды.

Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін төлеуші аванстық төлемдерге иелік ету, немесе оларды қайтару туралы арызбен есепшотына аванстық төлемдер салынған кеден органына баруға міндетті. Бұлай болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген мерзім аяқталған соң, аванс ретінде аударылған ақша қаражаттары белгісіз қаражаттар ретінде республикалық бюджет кірісіне аударуға жатады.

Бұл тармақтың ережесі аванстық төлемдерге қолданылмайды:

- егер олардың қалдығы бір күнтізбелік жылда құрылса;
- егер олар бір күнтізбелік жыл ішінде кезеңмен шығындалып тұрса және толықтырылып отырса.

8.7. Төлеуші үнемі жұмсап және толтырып отыратын аванстық кеден төлемдерінің сомалары олар толық жұмсалғанға дейін, немесе төлеуші оларды қайтару туралы арыз бергенге дейін кеден органының есепшотында болады.

Төлеушінің аванстық төлемді қайтару туралы жазбаша арызын кеден органдары осындай арыз берілген сәттен бастап 30 күн ішінде қарайды.

8.8. Кеден органының есепшотында іс жүзінде бар аванстық төлем сомалары

ғана қайтаруға жатады.

## 9. Артық төленген кеден баж салықтарын қайтару

9.1. Артық төленген кеден баж салықтары төлеушінің осы сомалардың төленген немесе алынған сәтінен бастап бір жылдан кешіктірмей кеден органдарына берген арызы бойынша қайтарылады.

9.2. Артық төленген кеден төлемдері сомаларын қайтаруды есепшотына осы сомалар салынған кеден органы жүзеге асырады.

Кеден органының есепшотында қайтаруды жүзеге асыруға қажетті сомалар болмаған жағдайда, оның ұсынуы бойынша мұндай қайтару Кеден органының есепшотынан жүзеге асырылады.

9.3. Кеден төлемдерінің сомалары қайтарылған кезде кеден баж салықтарын төлеудің мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу ұсынылғаны үшін алынатын проценттер, сондай-ақ мерзімі өткізілгені үшін алынатын өсім, егер Кеден комитетінің нормативтік актілерінде басқалай көзделмесе, қайтарылмайды.

9.4. Кеден төлемдерінің артық төленген сомаларын қайтару, егер төлеушінің арызында басқалай айтылмаса, олардың төленуі жүзеге асырылған есепшоттарға салынады.

Қайтару төлем жасалған валютада жүзеге асырылады.

Басқа валютамен қайтару тек Кеден комитетінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Бұған қоса шетел валютасын Қазақстан Республикасы валютасына қайта есептеу және бұны керісінше жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кеден декларациясы қабылданған күндегі курсы бойынша жүзеге асырылады.

9.5. Кеден төлемдерін қайтару туралы шешімді кеден төлемдері бөлімі бастығының ұсынуы бойынша кеден комитетінің басшысы қабылдайды.

9.6. Қайтару мынадай жағдайларда жасалады:

а) тауардың кедендік құнын нақтылауға байланысты кеден салығы сомаларын қайта есептеу;

б) егер кеден режимінің шарттарында кеден баж салығының бұрын төленген сомасын қайтару көзделсе;

в) егер тауарларға кеден баж салықтары екі рет салынса;

г) егер экспорттық жеткізу болмай қалса;

д) кеден баж салықтарының ставкалары өзгергенде;

е) кеден баж салықтарын төлеу бойынша жеңілдіктер ұсынылғанда;

ж) кеден баж салықтары төленген тауарлар кеден бақылауымен жоюға жататын болса, немесе оларды әкелу (шығаруға тыйым салынған болса);

з) кеден баж салығы төленген әкелуге/ шығаруға арналған тауар жойылған болса;

и) егер кеден бас салықтарын артық төлеу немесе өндіріп алу төлеген немесе өндіріп алынған валюта курсының өзгеруі нәтижесінде орын алса;

к) иесі кеден органы болып табылатын кеден қоймасының жойылуына байланысты тауарларды қайтарып беру кезінде сақтау үшін алынған кеден алымдары сомаларының бір бөлігі қайтарылғанда;

л) Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген басқа жағдайларда.

9.7. Кеден органына міндетті түрде мына құжаттар берілген кезде, артық төленген кеден баж салығын және 9.6.-тармақтың "в" және "и" тармақшаларында көзделген кедендік құжаттар толтыру үшін алынатын Кеден алымдарын қайтару туралы шешім қабылданады:

- төлеушінің артық төлеудің себебі көрсетілген қайтару туралы өтініші, ақша қаражаттары қайтарылуға тиіс оның банк реквизиттері көрсетілген жазбаша арызы;

- кеден төлемдері есептелген және алынған құжаттардың көшірмелері;

- өкілеттенген банктің пайдалану туралы белгісі бар, кеден төлемдерінің тиісті сомаларының төленуін растайтын төлеу құжаты,

- қайтып берудің негізділігін растайтын басқа құжаттар.

9.8. Артық төленген кеден төлемдерін қайтару кеден төлемдерінің төленген сомалары кеден органының есепшоттарына іс жүзінде келіп түскен жағдайда және артық сомалар қайтарылатын төлеушінің кеден органдары алдында кеден төлемдерін төлеу бойынша қарыздары, айыппұлдары және басқа төлемдері болмаған кезде жүзеге асырылады.

Артық төленген кеден төлемдерінің сомаларын қайтару төлеушінің кеден төлемдерін төлеу бойынша қарыздары, айыппұлдары және басқа төлемдері болған кезде тек олар өтелген соң жүзеге асырылады.

9.10. Кеден төлемдерінің артық төленген сомаларын қайтару туралы

шешім қабылданғанда ақша қаражатын қайтаруға төлеу құжаты дайындалады.

9.11. Кеден қоймасынан тауарлар белгіленген мерзімнен бұрын алынған кезде сақтау үшін алынған кеден алымдарының сомалары қайта есептелмейді және кеден органдары олардың қандай да бір бөлігін қайтармайды.

Иесі кеден органы болып табылатын кеден қоймасын жоюға қатысты пайда болған адамның басқа шығындарын, сондай-ақ оның алынбаған кірістерін кеден органы толтырмайды.

9.12. Лицензия жойылған немесе қайта шақырылған кезде оның берілуі үшін алынған алым қайтарылмайды.

Оқыған:

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК